

Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы С.С. Әйімбетовтің Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде 2014 жылғы 17 наурызда өткен «Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2013 жылғы қызметінің қорытындылары және 2014 жылға арналған міндеттері» тақырыбындағы Үкімет сағатындағы қосымша баяндамасы

Құрметті Сергей Александрович!

Құрметті депутаттар!

Табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар халық үшін өмірлік маңызды қызметтерді жүргізетін стратегиялық сала болып табылады.

Сондықтан жыл сайын Үкімет сағаттарына көрсетілетін қызметтерді негізгі мемлекеттік реттеуші ретінде Табиғи монополияларды реттеу агенттігін шақыру дәстүрге айналды. Бұл ретте, депутаттар агенттіктің қызметін жақсарту және тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша депутаттық бірлестіктердің тұрақты жұмысына және партиялардың қоғамдық қабылдауларының жұмысына негізделген нақты ұсыныстар дайындайды. Мұндай сұхбат алаңдары мен бірлескен жұмыс айтарлықтай нәтиже береді.

Агенттік төрағасы өзінің баяндамасында бұл туралы айтып өтті. Алайда, оң нәтижелерге қарамастан, тарифтердің негізгі төлеушісі ретіндегі халықтың мүдделерін қозғайтын кейбір мәселелерге тоқталғым келеді.

Біріншіден, жүйелі мемлекеттік тәсіл табиғи монополиялар салаларына ауқымды инвестициялар ағынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Экономиканың өсуі, өндірістік кәсіпорындардың да, халықтың да электр энергиясын тұтыну көлемдерінің жыл сайын артуы өнеркәсіптік жабдықтар тозуының белең алуынан электр энергетикасы саласын дамыту қажеттілігін туындатқаны баршаңызға белгілі.

Осыған байланысты, 2009 жылдан бастап энергетиктерге өздерінің өндірістік қорларын техникалық қайта жабдықтауға, реконструкциялауға және жаңғыртуға қомақты қаражат алуға мүмкіндік беретін инвестициялық тарифтер бекітіліп берілген болатын. **«Тариф – инвестицияларға айырбастауға»** қағидаты бойынша аталған инвестициялық бағдарламалардың мақсаты электр энергетикасы саласында бәсекені дамыту және 2016 жылы электр қуатының нарығына көшу болып табылады.

Стратегиялық сала – **электр энергетикасын дамытудың қажеттілігін сезіне отырып,** зейнеткерлерді, мүгедектер мен студенттерді, көп балалы және жас отбасыларды қоса алғанда, бүкіл халқымыз, күллі бизнес пен барлық кәсіпорындар **саланың тікелей инвесторлары** болды.

«Тариф – инвестицияларға айырбастауға» саясатын іске асыру есебінен 2016 жылға қарай электр энергетикасы саласының негізгі қорларының тозу деңгейін төмендету

болжанып отыр. Уәкілетті органдардың деректері бойынша 2009-2012 жылдарда салаға **514,6** млрд. теңге инвестиция салынған, ал 2016 жылға қарай бұл көрсеткіш **1,2 триллион** теңгені құрады. Мұндай аса ірі сома, мысалы, еліміздің 2005 жылғы республикалық бюджетіне тең.

Сондықтан, аталған қаражаттың саланы дамытуға жұмсалған шығыстарының тиімділігін бақылаудың қажеттілігі туралы сұрау салу әділетті болып табылады. Агенттік уәкілетті органдармен бірлесіп, халық ақшасының соңғы тиынына дейін пайдаланылу нәтижесін ұдайы жариялап отыруы тиіс болатын.

Ұлғайтылған шекті тарифтерден түскен қаражаттың қайда, қалай және қандай мөлшерде жұмсалып жатқаны бізді де алаңдатады. **Негізгі инвестор болып табылатын халық қаражаттың қайда кетіп жатқанын, яғни:** халықтың ақшасына қанша турбиналар мен жабдықтардың жөнделгенін және қалпына келтірілгенін, жаңғыртылғанын және жаңартылғанын, қосалқы техника сатып алынғанын, электр және жылу желілерінің, электр таратушы желілердің қаншасы жөнделгенін және пайдалануға берілгенін **білуге тиіс**. Яғни, бұл жерде түбегейлі ашықтық керек.

Осыған орай, 2016 жылға қарай инвестициялық «тарифтен – инвестицияларға айырбастауға» электр қуатының нарығына көшуге электр энергетикасы объектілері өзірлігіне аудит жүргізетін кез келді деп пайымдаймыз.

2016 жылға дайындық мәселесін біз өткен жылы үкімет сағатында көтергенбіз.

Сондықтан, табиғи монополиялар және реттелетін нарық субъектілерінің қызметін **бақылау тетіктерін күшейтетін**, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінде өндірістерді салуға, кеңейтуге және жаңғыртуға бағытталған инвестициялық бағдарламаларды орындауы бойынша олардың жауаптылығын қатаңдататын уақыт келді. Сонымен бірге, осы мақсаттарға пайдаланылмаған қаражатты тұтынушыларға қайтарудың пәрменді тетіктерін енгізген жөн. Депутаттық корпус өз тарапынан, қажет болған кезде заңдарды өзгерту бойынша тиісті нормалар енгізеді.

Екіншіден, бүгінгі таңда коммуналдық қызметтерге тарифтің өсуі қазақстандықтардың әлеуметтік көңіл-күйіне қатты әсер етуде. Халыққа мұндай қызметтер керек-ақ, бірақ олардың бағасы **мүлдем шарықтап кеткен**.

Мәселен, 2013 жылғы статистикаға сәйкес мынадай қызметтерге бағаның өскені байқалды:

тарифтер суық суға - **46%**-ға, кәрізге - **44%**-ға, көлікке - **12%**-ға, телефонға абоненттік төлем - **20%**-ға көтерілген.

Сонымен қатар, әрбір жаңа жыл электр энергиясы үшін коммуналдық қызметтердің көтерілуімен басталатыны өздеріңізге мәлім.

Бұған көптеген тұтыну тауарларына тиісінше бағаны көтеретін жылу, су, газ бен көлік үшін тарифтердің өсуі қосылғанда, халқымыз, әсіресе, табыс деңгейі төмен адамдар ақшасын коммуналдық қызметтер үшін төлеуге не тамаққа, емделуге, балалардың қажетіне және тағы басқаларға жұмсарын білмей, екіұдай күйде болады.

2014 жылдың басы да өзгеріссіз болмады. Мәселен, 1 қаңтардан бастап теміржол қызметтеріне тариф бүкіл Қазақстан бойынша 7 %-ға өсті, 5 қалада суық судың, 4 қалада жылу энергиясының, 14 өңірде электр энергиясының бағасы көтерілді.

Бұл ретте, соңғы бес жылда электр энергиясына тарифтердің орташа өсімі басқа коммуналдық қызметтер бағасының өсімінен екі есе асып түсті.

Осыдан электр энергиясының 1 кВт/сағ. үшін төлеміміз жиналады.

Уәкілетті органдардың деректері бойынша аталған тарифтің құрылымына *(республика бойынша орта есеппен)* мынадай көрсеткіштер кіреді:

60 пайызға жуығы – тікелей энергия өндіретін энергия станциясының бағасы;

6 пайызға дейін – ұлттық электр желісі бойынша энергия станциясынан электр энергиясын таратуды және оған техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыратын жүйелік оператордың *(КЕГОК-тың)* бағасы;

ең бастысы, **34** пайызға дейін – энергияны тұтынушыларға дейін жеткізетін және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын таратушы және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың жабдықтау үстемелері.

Бұл жерде сұрақ айдан анық. **Халық 34 пайыз жабдықтау үстемесін неге төлейді және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың осы артық құрылымдарын ұстау не үшін қажет?**

Сол себепті электр энергиясына тариф құрылымын қайта қарайтын және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды тарату және өңірлік энергетикалық компанияларды ірілендіру арқылы **делдалдық үстемені тариф құрамынан алып тастайтын** кез келді деп пайымдаймыз.

Үшіншіден, кәсіпкерлікті дамыту мәселесі Президенттің, Парламенттің және Үкіметтің жіті назарында екені өздеріңізге белгілі.

Мәселен, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы, Бизнесстің жол картасы шеңберінде осы маңызды бағытты іске асыру үшін алғышарттар жасалды. Бүгінгі таңда әкімшілік кедергілерді азайту міндеті мейлінше өзекті болып табылады.

Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріміз бірқатар проблемаларға тап болуда. Солардың кейбіріне тоқталсақ:

энергиямен қамтамасыз ету, су бұру, кәріз және байланыс инфрақұрылымына қосылу шарттарының қиындығы;

қосымша қуаттарды қосу кезеңдері санының көп болуы;

қол жеткізуге рұқсаттарды алу бойынша барлық кезеңдерден өту уақытының ұзақтығы;

қол жеткізуге рұқсат алуға қаржылық шығындардың жоғары болуы;

төрешілдік рәсімдерінің болуы.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында белгілеп берген елдің жалпы ішкі өніміндегі шағын және орта бизнестің үлесін көбейту жөніндегі міндетті іске асыру мақсатында Үкімет пен Агенттікке: бизнесті ашу және жүргізу кезінде электрмен, жылумен және сумен жабдықтау қызметтеріне шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қосу рәсімдерін **оңайлату жөнінде нақты шаралар қабылдауды** ұсынамыз.

Төртіншіден, бүгінгі күні қызметтерді тұтынуды есепке алу аспаптарын жаппай орнату үшін жағдайлар жасалған.

Есепке алу аспаптарының болуы ресурстардың барлық түрлерін үнемдеу үшін маңызды фактор болып табылады. Бұған қоса, саналы түрде тұтыну коммуналдық қызметтерге жұмсалатын қаржылық шығыстарды да азайтады.

Тәуелсіз сарапшылардың зерттеуі көрсеткендей, есептеуішті орнату тұтынушылар үшін пайдалы. Мысалы,

егер Алматыда есепке алу аспаптары болмаған кезде газ үшін тариф 1 адамға 217 теңгені құраса, есепке алу аспаптары болғанда (*орташа 5 текше метр тұтынған кезде*) нақты құны 93 теңгені құрайтын болады.

Сондай-ақ, мысалы, жылуға арналған тарифтер бойынша – есепке алу аспаптары болғанда тұтынушылар үшін үнемдеу **25-30** %-ға жуықты құрайды. Сондықтан есепке алу аспаптарының болмауы мәселесі халықтың қалтасына **қатты әсер етеді**.

Алайда, бүгінгі таңда бұл есепке алу аспаптарын, оның ішінде жылуды есепке алу аспаптарын орнату тұтынушылар есебінен жүзеге асырылады. Біз бұл жұмысты есепке алу аспаптарын орнатуды да, техникалық қызмет көрсетуді де **өтеусіз негізде жүзеге асыруы тиіс** монополистердің міндеті деп санаймыз.

Сонымен бірге, қазіргі кезде есепке алу аспаптарысыз тарифтерді есептеу бойынша айқын қағидалар жоқ және есепке алу аспаптарымен болатын шығындарды есептеу де айқын регламенттелмеген.

Мысалы, бүкіл халық жалпы үй қажеттіліктеріне шығыстарды энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға төлейді.

Бірақ «жалпы үй қажеттіліктері» ұғымының өзі қарама-қайшы болып табылады. Мәселен, бүгінгі таңда:

-халық энергия мен жылуды өзінің **жеке** тұтынғаны үшін төлейді;

-көп пәтерлі үйлердің бүкіл тұрғындары осы үйлерді күтіп-ұстау үшін - **Пәтер иелері кооперативінің қызметтерін бөлек** төлейді;

-айтылғандармен қатар, тұрғындар қосымша басқа да шығыстарды – жалпы үй қажеттіліктері (**ЖҮҚ**) деп аталатын көп пәтерлі үйді күтіп-ұстауға тағы төлейді.

Қосарланған тарифті төлеп, халық кімнің шығыстарын өтеп жатыр? - деген сұрақ туындайды.

Сонымен қатар, тұрғындардың басқа да көптеген сұрақтары бар: жалпы үй қажеттіліктеріне тұтынудың белгіленген нормативтері бар ма? Әлде ол Пәтер иелері кооперативінің «өтеп алуына» өткізілген бе?

Қарапайым мысалмен есептеп көрейік: мәселен, Астана қаласында 2014 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша 213 мың 286 пәтер бар. Жалпы үй қажеттіліктері бойынша айына орта есеппен 1100 теңгеден түбіртектерді төлеген кезде қала бойынша сомасы 234 млн. 615 мың теңгені құрайды, бұл жылына – **2 млрд. 815** млн. теңге болады. Бұл миллиардтар кімнің қалтасына түсіп жатыр?

Осыған байланысты Агенттікке жалпы үй қажеттіліктері үшін жиналатын алымдар бойынша мәселенің ақ-қарасын анықтайтын және жалпы үй қажеттіліктеріне тарифті есептеу әдістемесі мен оған енгізілетін қызметтердің тізбесін бекітетін уақыт жетті.

Айтылған осы бағыттардан басқа, сондай-ақ:

-халыққа коммуналдық қызметтер көрсетуге арналған шарттарды жасасу және орындау кезінде тұтынушылар құқықтарының бұзылғаны үшін табиғи монополиялар субъектілерінің жауаптылығын арттырсын;

-«ЭКСПО-2017» Дүниежүзілік көрмесіне дайындық шеңберінде энергияның балама көздеріне және «жасыл экономикаға» біртіндеп көшу мақсатында отынның экологиялық таза түрлерін жасауға бағытталған озық инновациялық технологияларды қолдау мен енгізу жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлесін;

-бәсекелестікті жандандырсын және ел ішінде авиаұшулардың құнын арзандату және жолаушылар тасымалына тарифтердің негізсіз жоғарылауына жол бермеу жөнінде іс-шараларды әзірлесін;

-мемлекеттік органдардың қоғамдық ұйымдарды және Ұлттық кәсіпкерлер палатасын барлық тарифтердің алдағы өзгерістерін оларды бекіту туралы шешім қабылданғанға дейін талқылау мен келісуге тарту жөніндегі жұмысын күшейтсін.

Құрметті депутаттар!

Сөзімді қорытындылай келе, қойылған міндеттерді шешуде Агенттікке сәттілік тілегім келеді. Бұл үшін барлық мүмкіндіктер Агенттікте бар.

Тыңдағандарыңызға рахмет!